



## МҰҒАЛІМДЕР АРАСЫНДА КӘСІБИ КҮЙЗЕЛІС СЕБЕПТЕРІ

Кәсіби күйзеліс мәселесі ХХІ ғасырдың жаңалығы болмаса да, соңғы онжылдықта зерттеушілердің ғана емес, бүкіл қоғамның назарын аударуда. Бұл жағдай негізгі әлеуметтік қызметтерде, яғни оқыту, күтім жасау, кеңес беру, емдеу немесе қорғау сынды әлеуметтік мамандықтарда жүргізілген әлеуметтік өзгерістер мен көптеген реформаларға байланысты туындап отыр. Күйзеліс – шамадан тыс созылмалы стресстен туындаған эмоционалды, психикалық және физикалық қажу. Бұл жағдай адамдар депрессияға ұшырағанда және оларды белгілі бір рөлді немесе функцияны атқаруға түрткі болған ынта-жігерін немесе қызығушылығын жоғалтқанда орын алады. «Күйзеліс» терминін американдық психоаналитик Херберт Фрейденберг ұсынған болатын және 1986 жылы Кристина Маслак пен Сьюзан Джексон оны өлшеудің техникасын (Maslach Burnout Inventory, MBI) әзірледі. Ол бүгінгі күні де қолданыс табууда. Осылайша, бұл тек «сән үрдісі» немесе «медиа өнертабысы» ғана емес, психологтар мен әлеуметтанушылар зерттеген шынайы құбылыс. Сарапшылар күйзеліс құбылысының эмоционалды қажу, деперсонализация және жұмысқа қызығушылық деңгейінің төмендеуі сияқты үш негізгі компонентін көрсетеді.

Күйзелістің негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын психо-эмоционалды қажу адамның өз жұмысына байланысты эмоциялық босану және шаршау сезімін білдіреді. Деперсонализация – қызығушылық жоғалту, тіпті жұмыс объектілері мен нәтижелеріне ынтаны жоғалту. Кәсіби жетістіктердің төмендеуі сенімділіктің төмендеуіне, білгілілік пен еңбек өнімділігінің төмендеуіне алып келеді. Мұның барлығы толық сәтсіздікке және мамандықтан кетуге алып келуі мүмкін. Көптеген адамдар стресс жағдайы көп туындайтын жұмыста көп уақыт өткізетіндіктен, эмоциялық күйзелістің артуы ең алдымен жұмыс атмосферасына және еңбек жағдайларына байланысты.

Бұл мектеп мұғалімдерінің, мысалы, агрессиясының артуына немесе керісінше, балаларға толықтай бей-жай қарауына, үнемі аландаушылық сезінуіне, басшылардан, ата-аналардан және балалардан қорқуына, еңбек өнімділігінің төмендеуіне немесе толығымен жоғалуына себеп болуы мүмкін.

Мектептік білім беру жөніндегі сарапшы және The Guardian газетінің шолушысы Лаура МакИнерни 2500 мектеп мұғалімі мен респондент арасында жүргізген онлайн сауалнама нәтижесінде мұғалімдердің 17%-ы сауалнама кезінде қажумен күрескенін анықтады. Сауалнаманың негізгі қорытындыларына сәйкес, мұғалімдердің күйзелісі ауыр жұмыс жүктемесі, жылдам өзгеретін білім беру бағдарламалары, сыныптағы тәртіп мәселелері, әкімшілік тарапынан қолдаудың болмауы және қаржыландыру мәселелері сияқты бірнеше факторларға байланысты.

Мектеп мұғалімдері қатаң иерархия үстемдік ететін білім беру жүйесінде өздерін тек кішкентай бөлшектер ретінде сезінеді. Олар мектепке қатысты маңызды шешімдер қабылдай алмайды. Әдетте мұғалімдер «кезекші қызметкер» ретінде қарастырылады және жұмыс жағдайларын ұнатпаса, жұмыстан шығып кете алатындарын жиі естуге тура келеді. Мұғалімдерге «Егер сізге ұнамаса, басқа жұмыс ізденіңіз» деген сөздерді жиі тыңдауға тура келеді. Барлық дұрыс және бұрыс шешімдер комитеттерде, ведомстволарда және министрліктерде жасалады. Кей кездері жағдай одан әрі ұшығып, мұғалімдер де оқушылар сияқты қорлық көруі мүмкін.

Йорк университеті тарапынан 4,500 оқушының қатысуымен жүргізілген зерттеу нәтижелері «өзгерістерден шаршау» академиялық стресстің негізгі факторы болып табылатынын көрсетті. 10 адамның алтауы жылдам орын алып жатқан өзгерістерге ілесіп алмай жатқандарын мәлімдеді. Оқушылардың бірі өзгерістер оқытушылармен ақылдаспай жасалатынын және олардың көпшілігі үстіртін және нашар дайындалғанын айтып, мұндай жағдайлар оқушылардың рөлі мен жауапкершілігін түсінуді қиындататын мәлімдеді. Әдетте, жағымсыз атмосфера тез арада бүкіл ұйымға таралып, соның салдарынан үздік қызметкерлерден айрылу және өзгерістерге бастамаларды жүзеге асыра алмай қалу қаупі төнуі мүмкін.

Үздіксіз өзгерістерден шаршаған мұғалімдердің инновациялық белсенділігі мен шешім қабылдау қабілеті төмендегенін және тиімді жұмыс жасауға қызығушылық танытпай, жағдайларға енжар және немқұрайды қарайтынын көруге болады. Бұл құбылыстар мұғалімдердің жеке өміріне де кері әсерін тигізеді. Сонымен бірге, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде педагогикалық қызметкерлердің денсаулығы мен тиімділігі қоғамның тұрақтылығы мен дамуы үшін аса маңызды. Сондықтан министрлік, мектеп әкімшілігі және жоғары оқу орындары өз қызметкерлерінің әлауқаты мен тиімділігін қорғау үшін өтпелі кезеңде және белгісіздік кезінде бұл мәселелерге мұқият қарап, тиімдірек басқаруы керек.

Мұғалімдерді кәсіби қызметке тікелей қатысы жоқ салаларда қосымша ресурс ретінде пайдаланып оларға әртүрлі қысымды арттыру, жаңа дағдыларды игеруі мен дамуына жол бермей олардың білгілігіне қойылатын талаптарды арттыру саясаты сөзсіз, кең таралған стресске, оқшаулануға, қоғамның әлауқатына жауапты әлеуметтік тобының теріс психологиялық реакцияларына әкеледі.

Айта кету керек, бұл аландаушылық тудыратын үрдістер орын алған және зерттелген жерлерде қызметкерлердің күйзелісінің зиянды әсерін болдырмау үшін белгілі бір шаралар қабылданады, бірақ бұл оқу орындарына қарағанда ірі бизнес-корпорацияларға тән. Альтернативті

жұмыс модельдері, сондай-ақ бос уақытты қамтамасыз ету шаралары қызметкерлерді әлдеқайда өнімді етуге бағытталған. Кейбір жаһандық өндірушілер мен үкіметтер бұл мәселені шеше бастады. Мысалы, Volkswagen, Puma және BMW сияқты неміс компаниялары жұмыс уақыттарынан тыс кездерде электронды поштаны пайдалануға тыйым салды. Өзгерістер күшіне енген кезде Германияның Еңбек және әлеуметтік істер министрі болған Урсула фон дер Ляйен: «Жұмысшылардың жұмысынан тынығуы жұмыс берушілердің мүддесіне сай келеді. Әйтпесе, бұл ерте ме, кеш пе күйзеліске әкеліп соқтыруы мүмкін», – деп мәлімдеген болатын.

Нарықтық экономикасы бар әлемнің түрлі елдеріндегі тәрізді Қазақстанда да көптеген мұғалімдер білім берудің барлық деңгейлерінде оқушылар мен ата-аналардың артып келе жатқан талаптарына және осыған байланысты жұмыс өмірінде тұрақсыздыққа тап болуда. Сондықтан, қоғамға деген теріс әсерін өлшеу қиынға соғатын бұл әлеуметтік мәселенің тиімді шешімдерін іздестіру қажет. Егер қоғам бұл мәселенің маңыздылығы мен өзектілігін мойындауға дайын болмаса, шешім жасау әлдеқайда қиын болады. Ең алдымен, адами капиталдың өнімділігі, әл-ауқаты, шығармашылығы мен денсаулығы кәсіби күйзеліс мәселесінің шешіміне байланысты екенін түсіну қажет. Сонымен қатар, күйзеліс синдромының алдын алуға және емдеуге бағытталуы мүмкін салауатты жұмыс ортасын құру және қолдау қажет. Шешімдердің қатарында жоғары сапалы байланыс, ынтымақтастық, мұғалімдердің мәртебесін іс жүзінде тану, бірлескен шешімдер қабылдау, шынайы көшбасшылық және т.б. атап көрсетуге болады.

Қазақстанда 2018 жылдың желтоқсанында 28 жылдық жұмыс тәжірибесі бар бастауыш мектеп мұғалімі әлеуметтік желілерде мектепте жұмыс істеу қиындықтары туралы ашық айтқан болатын. Бұл хатта білім беру стандарттарының кемшіліктері, шамадан тыс тексерулер, бос уақыттың жетіспеушілігі және ең маңыздысы мұғалімдерге психологиялық көмектің қажеттігі сияқты мәселелер көтерілді. Оның айтуынша, бүгінгі күні мұғалімдер ата-аналар, балалар мен реттеуші органдарға байланысты жүйелі түрде стресс пен агрессияға ұшырауда. Білім беру жүйесінде мұғалімдер ең қорғалмаған адамдар болып табылады. Сондықтан жас мұғалімдер мектепте ұзақ қалмайды.

2019 жылдың маусым айында мұғалім мәртебесі туралы жаңа заң қабылдау жоспарланып отыр. Бұл заң арқылы мұғалім мамандығының беделі мен оның қазақстандық қоғамдағы мәртебесін арттыру көзделініп отыр. Мүмкін, барлығының орнына ештеңе берместен көп нәрсе күтетін зиялылар қауымының ең қорғалмаған және сабырлы бөлігінің мәселелеріне назар аударатын уақыт келді.

Жазушы: Гүлнар Надирова,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

## Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Ашхабадқа сапары барысында Ауғанстан Президенті Мұхаммед Ашраф Гани түркіменстандық әріптесі Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесті. Кездесу барысында тараптар екі ел арасындағы ынтымақтастықтың келешегі мен Ауғанстанның қатысуымен жүзеге асырылатын аймақтық инфрақұрылымдық жобаларды талқылады. Тараптар екіжақты саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға бағытталған бірқатар құжаттарға, соның ішінде стратегиялық ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды.
- Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түркіменстан делегациялары Баку қаласында өткен Каспий теңізі бойынша жоғары деңгейдегі жұмыс тобының бірінші отырысында топтың тәртіп ережелерін қабылдады. Тараптар, сондай-ақ, Каспий теңізінің шекараларын нақты анықтау әдістемесі туралы келісім жобасының бірқатар ережелерін бекітті.
- Әзірбайжан және Түркия Сыртқы саясат министрліктері Баку қаласында екі бауырлас мемлекет арасындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылау үшін саяси консулциялардың жаңа кезеңін өткізді. Тараптар екіжақты қарым-қатынастардың барлық бағыттарын талқылады, сондай-ақ, өзара мүдделі аймақтық және халықаралық мәселелер туралы, соның ішінде Таулы Қарабақ қақтығысы бойынша келіссөздердің жай-күйі туралы пікір алмасты.
- Ташкент қаласында өткен Орталық және Оңтүстік Азия Бас штабтары басшыларының конференциясына Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Пәкістан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан Бас штабтарының басшылары, сондай-ақ, АҚШ Қарулы күштері орталық қолбасшылығының командирі қатысты. Қатысушылар терроризм, есірткі саудасы және киберкылмыспен күрес және Ауғанстандағы бейбітшілік процесін қамтыған аймақтық қауіпсіздік мәселелерін талқылады.
- БҰҰ-ның Орталық Азия үшін алдын алу дипломатиясының аймақтық орталығы және Өзбекстан Сыртқы істер министрлігі Ташкентте «Орталық Азиядағы өзара байланыс: кибиықтар мен жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық конференция өткізді. Іс-шара барысында 36 елден келген 200-ге жуық сарапшы қауіпсіздік, сауда, көлік, су, қоршаған орта, энергетика, туризм, мәдениет және гуманитарлық мәселелер сияқты аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады.
- Қазақстан мен Өзбекстанның үкіметтік делегациялары Алматы қаласында Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттері арасындағы шекараны демаркациялау жөнінде келіссөздер жүргізді. Кездесу барысында тараптар демаркацияға қатысты құжаттарды рәсімдеуді жалғастырып, тиісті хаттамаға қол қойды. Шекаралық мәселелер бойынша екіжақты келіссөздер бұдан бұрын Ташкентте өткен болатын.
- Қытайға жасаған сапары барысында Қырғызстан Сыртқы істер министрі Шыңғыс Айдарбеков Қытай Мемлекеттік кеңесінің мүшесі және Сыртқы істер министрі Ван Имен кездесті. Министрлер қырғыз-қытай қарым-қатынастарының негізгі аспектілері мен олардың одан әрі қарқынды дамуы туралы келіссөздер жүргізді. Сапар аясында Айдарбеков ШЫҰ Бас хатшысы Владимир Норовпен кездесіп, Қырғызстанның Бішкекте өтетін ШЫҰ саммитіне дайындық мәселелерін талқылады.

## Экономика, қаржы және энергия

- Ресейдің Экономикалық даму министрлігінің мәліметіне сай, 2018 жылдың соңына қарай 62 мемлекет Ресейге қарсы 159 шектеу шараларын қолданған. Аталмыш санкциялар Ресей экономикасына 6,3 млрд доллар шығын келтірген, оның ішінде металлургия өнеркәсібіне 4 млрд доллар, ауылшаруашылық саласына 1,1 млрд доллар, химия өндірісіне 641 млн доллар және автомобиль өнеркәсібіне 306 млн доллар көлемінде зарар келтірген.
- 2019 жылдың 1 ақпанында Өзбекстанда 274,900 шағын өнеркәсіп пен микро фирмалардың жұмыс істеп жатқаны тіркеліп, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 18,1%-ға артқан. Бұл санның 76,800-і (27,9%) сауда саласы, 58,500-і (21,3%) – өндіріс саласы, 30,000-ы (10,9%) – құрылыс, 25,400-і (8,9%) – ауылшаруашылық, орман және балық шаруашылығы, 20,400-і (7,4%) – қонақүй және тамақтану қызметтері және 13,400-і (4,9%) – тасымалдау және сақтау қызметтері бойынша қызмет көрсетуде.
- Өзбекстанда 2019 жылдың 1 ақпанындағы дерек бойынша шетелдік капиталдың қатысуымен 4,116-сы бірлескен және 3,694-і шетелдік компания ретінде барлығы 7,810 кәсіпорын өз жұмысын атқаруда. Алдыңғы жылмен салыстырғанда кәсіпорын саны 2,202-ге яғни 39,3%-ға артып, олардың басым бөлігі Ресей, Түркия, Қытай, Қазақстан және Оңтүстік Кореяның үлесіне тиесілі.
- 2018 жылы Қазақстанның Еуразия экономикалық одағына мүше мемлекеттермен арадағы сауда-саттық көлемі 19,11 млрд долларға жетіп, оның 5,89 млрд доллары экспорт, 13,22 млрд доллары импортты құраған. Алдыңғы жылмен салыстырғанда жалпы сауда көлемі 7,5% артса, экспорт көлемі 12%, импорт 5,6%-дық көрсеткішті құраған.
- Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі палатасы Мәжілістің жалпы отырысында Энергетика министрі Канат Бозымбаев, Қазақстан мен Өзбекстан арасында мұнай, табиғи газ және мұнай-газ химиясы өнімдерінің саудасы және энергетика саласында екіжақты ынтымақтастық мәселелерімен айналысатын Үйлестіру кеңесі құрылатынын мәлімдеді. Бозымбаевтың мәлімдеуінше, Өзбекстан жылына 5 млн тонна Қазақстан мұнайын импорттауы мүмкін.
- Алматы қаласы әкімшілігі мен Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) ынтымақтастық туралы келісім-шартқа қол қойды. Келісім-шартқа сай, ХҚК қаланың модернизациялау және инфрақұрылымдық жұмыстары үшін ұзақ мерзімді және тікелей инвестиция тарту мақсатында әкімшілікке өз тарапынан қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, ұйым Алматы қаласының несие рейтингіне қатысты консультациялық қызметтерін көрсетеді.
- Түркіменстанның Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов, бағалары мен тарифтері мемлекеттік бағалаумен әлеуметтік маңызы бар тауарлар, өнімдер, жұмыстар мен қызметтердің тізбесін бекітетін жарлыққа қол қойды. Құжат баға саясатын одан әрі жетілдіруге және тұтынушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Тиісті мемлекеттік органдарға заңнамаға қажетті түзетулерді дайындау бойынша міндеттемелер тапсырылды.

## Қоғам және мәдениет

- Әзірбайжан Мемлекеттік статистикалық комитетінің мәліметі бойынша, 2019 жылдың 1 қаңтары бойынша елдегі халық саны 9,981,457 адамға жеткен, олардың 52,8%-ы қалаларда тұрса, 47,2%-ы ауылды жерлерде тұрады. 2018 жылы құзыретті органдар елде 138,982 туу санын, 57,250 өлім, сондай-ақ, 62,484 неке және 14,857 ажырасу санын тіркеген. Халықтың орналасу тығыздығы бір шаршы километрге 115 адамды құрайды.
- Грузия үкіметі Жасыл климат қоры (GCF) және Швейцария үкіметінің қолдауымен климаттың өзгеруінен туындаған ауа-райының қолайсыз шарттарынан орын алуы мүмкін табиғи апаттардан халықты қорғауға бағытталған құны 70 млн долларды құрайтын жеті жылдық бағдарламаны іске қосты. Бастама БҰҰДБ және Грузияның Қоршаған ортаны қорғау және ауылшаруашылығы министрлігі тарапынан жүзеге асырылады.
- Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕКБҰ) Нұр-Сұлтан (Астана) қаласындағы Бағдарлама бюросы Павлодар қаласында қоршаған орта мәселелері бойынша шешім қабылдауға қоғамның қатысуының құралы ретінде қоғамдық тыңдаулар бойынша тренинг семинарын ұйымдастырды. Қоршаған орта мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, студенттер мен белсенді азаматтар экологиялық құқықтар, Орхус конвенциясының қағидалары мен үдерістері бойынша қоғамдық тыңдау өткізді.
- Ыстамбұлда Түркияның және 70 мемлекеттің 200-ден астам шетелдік баспа үйлерін біріктірген алғашқы Халықаралық Еуразия кітап фестивалі Түркия Мәдениет және туризм министрлігі, Ұлттық білім министрлігі, TRT Ұлттық телеарнасы және Ыстамбұл Сауда палатасының қолдауымен ашылды. Тоғыз күн бойы жалғасқан іс-шараға 100-ден астам жазушы қатысып, поэзия оқу шаралары, қолтаңба сессиялары мен конференциялар өткізілді.
- Ташкентте Өзбекстандағы Қазақстан жылы аясында Тимур әулеті тарихының мемлекеттік мұражайында «Ұлы дала мұрасы» атты көрме ашылды. Қазақстанның Мәдениет және спорт министрлігі мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының ұйымдастыруымен өтетін бір айлық шарада фотосуреттер, тарихи басылымдар, этнографиялық және археологиялық материалдар көпшіліктің назарына ұсынылады.
- Өзбекстан 1996 жылы қабылданған Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылық және фонограмма туралы шартына қосылды. Құжат Өзбекстан өнер адамдарының (актерлер, әншілер, музыканттар және т.б.) және фонограмма өндірушілердің (жеке немесе заңды тұлғалар) құқықтарын қорғап, авторлық құқығы бойынша халықаралық шарттың қатаң орындалуын қамтамасыз етеді.
- Туризм индустриясындағы маңызды шараларды жариялаумен айналысатын британдық жетекші журналдардың бірі Wanderlust, Лондонда өткізген марапаттау рәсімінде Өзбекстанды «Кемелденіп келе жатқан туризм бағыты» номинациясы бойынша жеңімпаз деп жариялады. Wanderlust Әлем гидтері марапатының Туризм саласындағы жеңімпаздары түрлі номинациялар арасынан журнал оқырмандары тарапынан таңдалды.